

ӘОЖ 327

МҒТАР 11.25.95

<https://doi.org/10.48371/ISMO.2025.60.2.011>

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ТЕОРИЯСЫНДАҒЫ ЖАРИЯ ДИПЛОМАТИЯ МӘСЕЛЕСІ

\* Хайрулдаева А.М.<sup>1</sup>, Аманкелді Д.О.<sup>2</sup>, Батырханова Ә.Қ.<sup>3</sup>

\*<sup>1,2,3</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан

**Аңдатпа.** Бұл мақалада халықаралық қатынастар теориясындағы жария дипломатияның орны мен маңызы қарастырылады. Жария дипломатия – мемлекеттердің халықаралық аренадағы қатынастарын қалыптастыруда маңызды құрал ретінде пайдаланылады, оның негізінде ақпарат тарату, пікір алмасу және халықаралық қауымдастықты өз мақсаттары мен мүдделеріне тарту жатады. Мақалада жария дипломатияның теориялық аспектілері, оның халықаралық қатынастардағы рөлі мен тиімділігі, сондай-ақ, жаңа заман талаптарына сәйкес оның даму тенденциялары талданады. Сонымен қатар, жария дипломатияның қазіргі кезеңдегі өзектілігі мен оны пайдалану әдістері, ақпараттық технологиялар мен медианың әсері қарастырылады. Авторлар халықаралық саяси процестердегі жария дипломатияның жаңа формаларын зерттей отырып, оның жаһандық саясаттағы ықпалын, сондай-ақ, мемлекеттік имидж қалыптастырудағы маңыздылығын анықтайды.

**Тірек сөздер:** халықаралық қатынастар, жария дипломатия, теория, мемлекеттер, ақпараттық саясат, медиа, мемлекеттік имидж, халықаралық қауымдастық

### Кіріспе

Қазіргі кезеңде дипломатияның дәстүрлі формасының тиімділігінің азайғандығы, дипломатияның қазіргі заманғы үлгісінің қалыптасуы жайлы пікірлер айтылуда. Дипломатияның бүгінгі таңдағы дамуы ең алдымен әлемдік сахнада жүріп жатқан жаһандық өзгерістерге тәуелді, қазіргі әлемнің дамуына ықпал етуші факторлар дипломатия, сыртқы саяси шешімдерді қабылдау үрдістеріне де ықпал етпей қоймайды. Халықаралық қатынастардағы мемлекеттің ғана дербес субъект болуы кешегі күннің еншісіне қалып, ресми биліктер арасындағы ғана мемлекетаралық қатынастар өзінің тиімділігінің төмен екендігін көрсеткен уақытта дипломатияның дәстүрлі емес түрлеріне деген қызығушылық артты. Қазіргі таңда жария дипломатия халықаралық қатынастар саласындағы ғылыми зерттеулердің ғана емес, сарапшы саясаттанушылардың қызу талқылау нысанына да айналып отыр. Шетелдік қоғамдастықтармен қарым-қатынас жүргізу арқылы сыртқы саяси мақсаттарға жету мүмкіндігінің ғалымдар

мен сарапшылардың қызғушылығын артырып отыруының өзіндік себептері бар.

Жыл өткен сайын жаһандық өзара тәуелділіктің артуына, ұлттық шекаралардың көмескіленуі, әлемдік масштабта гуманистік және демократиялық құндылықтардың өсуіне байланысты мемлекеттер өзінің сыртқы саяси мүддесін қамтамасыз етуде тек әскери күш пен экономикалық ресурстарға ғана үміт арта алмайды. Постиндустриалдық қоғам жағдайында ақпараттың рөлі артып, қоғамның ақпарат көздеріне қол жетімділігін, ақпарат алмасуды қарапайымдандыра түсті, бұл өз кезегінде халықаралық ақпараттық кеңістікте басымдыққа ие идеялар, көзқарастардың маңызының артуына алып келді. Халықаралық саясаттың күн тәртібінде мемлекеттік деңгейде болсын, мемлекетаралық бірлестіктерде немесе үкіметтік емес ұйымдар деңгейінде болсын басты назар көбінесе жеке адамға, оның құқығы мен еркіндігіне, олардың қорғалуы мен кепілдігіне аударылатын болды. Саяси шешімдерді қабылдау процестерінде социумның және қоғамдық пікірдің рөліне назар көбірек аударылатын болды, сәйкесінше қатардағы азаматтардың көзқарастарына ықпал ету мүмкіндігі жайлы зерттеулердің маңызы да артып отыр. Осылайша, жария дипломатия зерттеулердің өзекті бағыты ретінде қалып отыр.

Бүгінгі таңда әлемдік сахнада халықаралық қатынастардың қатысушыларының саны артып отыр, қазір кәсіби дипломаттармен қатар, ішкі ведомстволар мен аймақтық және жергілікті институт шенеуніктері, мәдениет, білім және бизнес әлемінің өкілдері сияқты жаңа акторлар да белсенді әрекет етіп, шет елдердегі әріптестерімен өздерінің байланыс жүйелерін құруда. Әлемдік жаһандану жағдайында ішкі және сыртқы саясаттың арасындағы шекара бұзылып, олардың өзара тәуелділік жағдайы күшейе түсті.

Қазіргі ғылыми әдебиеттерде «жария дипломатия» және «жұмсақ күш» терминдерінің қолданыс жиілігі арта түсті. Аталған терминдерді қандай сөздермен атасақ та, олардың беретін ұғымы, айқындалатын анықтамасы – қалаған нәтижелерге күш қолданусыз өз еркіңмен қатысу, тартымдылық негізінде қол жеткізуге қабілеттілік, саяси биліктің бір формасы дегенге келіп саяды, яғни халықаралық сахнада күш жұмсап, әскер аттандырмай да қалаған нәтижеге қол жеткізуге болады, немесе шет мемлекет қоғамымен диалогтар жүргізу жүйесі.

Қазақстан Республикасы үшін жария дипломатия ұғымы теориялық жағынан таныс ұғым болғанымен де, дамыған мемлекеттер сияқты біздің елімізде дипломатияның аталған түрін танытуға аса мән беріліп отырған жоқ және жария дипломатияның институционалдық құрылымы жоқ, сондықтан жария дипломатияны болашақта тәжірибеде дамыту үшін оның теориялық бастауларымен танысудың мәні зор.

### **Материалдар мен әдістерді сипаттау**

Жария дипломатия – халықаралық қатынастардың дамып келе жатқан саласы болғанымен, оны зерттеуде нақты бір ғана әдіснама немесе теориялық бағыт қалыптаспаған. Бұл оның көпқырлылығы мен пәнаралық сипатымен түсіндіріледі. Сондықтан жария дипломатияны зерттеу барысында оны қалыптастыруға ықпал еткен негізгі бағыттар мен ғылыми мектептерге тоқталу, осы феноменнің тарихи және теориялық алғышарттарын түсінуге мүмкіндік береді. Мақалада жария дипломатияның пайда болу себептері мен оны зерттеудегі әртүрлі көзқарастарды салыстыра отырып, саланың дамуына ықпал еткен негізгі факторлар мен үрдістерге талдау жасалады.

Зерттеудің әдіснамалық негізін – шетелдік және отандық зерттеушілер еңбектерін, ресми құжаттар мен дереккөздерді кешенді талдау құрайды. Сонымен қатар, тақырыпты жан-жақты қамтитын пәнаралық әдістер кешені қолданылды. Біріншіден, зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне, ресми құжаттарға, академиялық әдебиеттер мен дереккөздерге сүйене отырып жасалған кешенді талдау құрайды. Бұл тәсіл жария дипломатияға қатысты көзқарастар мен ұстанымдардың эволюциясын, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ашуға мүмкіндік берді.

Екіншіден, зерттеу барысында жүйелік әдіс қолданылды, ол жария дипломатияны халықаралық қатынастар жүйесіндегі дербес құбылыс ретінде қарастыруға және оның ішкі құрылымдық элементтерін айқындауға жағдай жасады.

Үшіншіден, жария дипломатияның тарихи алғышарттарын, қалыптасу кезеңдерін және дамуын зерделеуде тарихилық әдісі пайдаланылды. Бұл әдіс құбылысты уақыт осінде қарастырып, оның қазіргі заманғы халықаралық қатынастар жүйесінде атқаратын рөлін түсінуге сеп болды.

Жалпы, зерттеуде қолданылған әдістер жария дипломатия ұғымының көпқырлылығын, оның ғылыми және практикалық маңызын тереңнен ашып көрсетуге мүмкіндік берді.

### **Нәтижелер**

Жария дипломатияны зерттеудің нақты жеке бір бағыты немесе әдіснамасы жоқ, сондықтан оны зерттеуде ұжымдық дипломатияның қалыптасуына бағытталған бағыттар мен мектептерге тоқталу арқылы оның пайда болу себептеріне тоқталу нәтижелірек болады.

Жария дипломатияны либералидык, неолибералдық парадигмамен байланыстыруымызға негіз бар.

Жария дипломатияның қолданысының, оған деген сұраныстың жоғарылауына транснационалистік ағымның әсері өте үлкен болды, яғни халықаралық қатынастарда мемлекет қана актор бола алмайды деген тұжырымның практикалық маңызының артуы дипломатияда оның бейресми

акторларының атынан жүргізілетін бейресми тармағының дамуына алып елді.

Жария дипломатияның қалыптасуында негіз болған тұжырымдардың бірі халықаралық өзара тәуелділік туралы тұжырым деуге болады. Әлемдік саясат дегеніміз бір-бірімен өзара тәуелділікте және бір контексте қарастырылатын жаһандық проблемалар, әлемдік саяси жүйенің қазіргі ахуалы және оның даму тенденциялары туралы ілім. Халықаралық өзара тәуелділіктің қатысушылары ретінде тек әлемдік саясаттың негізгі акторы ретінде мойындайтын мемлекетті ғана емес, үкіметаралық ұйымдарды ғана емес, басқа да күштер – үкіметтік емес ұйымдар, трансұлттық ұйымдар, мемлекетішілік аймақтар және т.б. да қарастырады және ішкі және халықаралық саясаттың қарама-қайшылығынан қашқақтайды.

Жария дипломатия тұжырымының халықаралық қатынастар ғылымында теориялық қолданылуынан да, іс жүзіндегі қолданысы белсендірек. Дегенмен, жария дипломатияның мемлекеттің сыртқы саясатында, халықаралық қатынастарда өзектілікке ие болуы либерализмнің халықаралық қатынастардағы мемлекет монополиясын жоққа шығарған ілімінен бастау алса, кейініректегі неолиберализмнің мемлекеттік емес ұйымдардың, жеке адамдардың да мемлекетаралық қатынастар акторы бола алатындығы туралы қорытындыларынан көрініс тауып, «жұмсақ күштің» іске асырылу формасы ретінде бағаланса, транснационализм, халықаралық өзара тәуелділік сияқты бағыттардағы негізгі идеялар да өз кезегінде елеулі ықпал етті. Жария дипломатияға қолданбалылық сипат көбірек тән. Жария дипломатия, «жұмсақ күш» сияқты жаңа түсініктердің халықаралық қатынастар жүйесіндегі рөлінің арта түсуі жаһандық саясаттың, халықаралық қатынастар жүйесінің сипатының өзгерістері, трансформацияланып, жаңаша сипатқа ие болғандығы туралы ойларды дәлелдей түседі.

### **Талқылау**

«Жария дипломатия» түсінігінің қазіргі бізге жеткенге жақын анықтамасын алғаш қалыптастырған Э.Галлион болды [1.506.]

Жария дипломатия – мемлекеттің шет елдермен ұзақ мерзімді қарым-қатынастар орнатуына, ұлттық сыртқы саясатты қорғауына, шетелде мемлекеттің құндылықтары мен институттарын түсінуіне бағытталған іс-әрекеттер. Жария дипломатия шет елдердегі қоғамдық пікірді тану арқылы, оны қалыптастырушыларды ақпараттандыру және оларға ықпал ету арқылы ұлттық мүддені қорғап, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Жария дипломатия бұқаралық аудиторияға бағытталған. Қоғамдық пікір өз үкіметі мен саяси жүйесіне едәуір ықпал етеді дегеннен келіп шыққан. Жария дипломатияның ерекшелігі «жұмсақ күшті» жүзеге асырудың құралы болып табылады [2.86.].

Кейбір зерттеушілер пікірінше, мәдениет, құндылықтар, елдің ішкі және сыртқы саясаты жария дипломатияның бірінші дәрежедегі объектілері бола алады және олардың шет елдік аудитория үшін тартымдылығы жеткілікті деңгейде болғанда ғана жария дипломатияның әдістері олардың сыртқы периметрге ұсынылуына қолайлы жағдай жасай алады, ал олардың шетелдік аудитория үшін тартымдылығы төмен болса әлемге деген танылу ұмтылыстары өзінің кері нәтижесін беруі мүмкін [3.18б.].

Жария дипломатияның объектілері: мәдениет, құндылықтар, шет елдік қоғамдастықтар, елдің ішкі және сыртқы саясаты.

Жария дипломатияның субъектілері: жеке адамдар, қоғамдық ұйымдар, мемлекеттік органдар, мәдени ұжымдар, бизнес топтар, ғалымдар, өнер қайраткерлері және т.б.

Жария дипломатия термині халықаралық қатынастарды зерттеу саласында жаңа ұғымдардың бірі болғанымен, мемлекетаралық қатынастарды жүргізуде «қатаң күштен» гөрі «жұмсақ күшке» сүйенудің тиімділігі туралы идеялар ерте кезден-ақ бастау алған болатын. Жария дипломатияны зерттеуде негіз болатын либералистік, неолибералистік теориялар десек, халықаралық қатынастардың либералдық парадигмасының бастауы болған Еуропалық ағартушылардың еңбектерінде, атап айтсақ, Жан Жак Руссоның «қоғамдық келісімі», Имманиул Канттың «Мәңгілік бейбітшілік» туралы идеяларының өзегінде әлемдік тәртіпті соғыссыз, тепе-теңдікті бұзбай-ақ, тираниясыз бейбіт жолмен шешу туралы көзқарастар маңызды рөл атқарды және осындай бейбіт қатар өмір сүру рационалды принциптерге, білім мен ғылымға негізделуі керектігі дәріптелген еді, яғни либерализмнің бастауында мемлекет қоғамдық эволюция өнімі деген түйін жатыр.

Либерализм мен неолиберализм парадигмасында халықаралық қатынастар жүйесінде мемлекеттен де тыс акторлардың болатындығы ғылыми зерттеулердің өзегіне айналған болатын.

Ғылыми зерттеу әдіснамасының негізі теория десек, жария дипломатия либералистік теорияның зерттеу проблемаларының жемісі деп айтуға негіз бар.

Өткен ғасырдың 60-70 жылдары саяси реализмнің ең негізгі тұжырымдарының бірі – тек мемлекеттің халықаралық актор ретіндегі рөліне қатысты ережесіне қатысты күмән туындайды. Халықаралық қатынастарда саяси реализм өкілдері сыртқы саясатты талдаудың негізі ретінде тәуелсіз мемлекеттерді алса, неолиберализм мектебінің өкілдері талдаудың негізі жеке тұлғалар, «жаңарған мемлекеттер», үкіметтік емес акторлар деп тұжырымдайды, яғни олар халықаралық қатынастар тек тәуелсіз мемлекеттер ғана емес тіпті жеке тұлғалар атынан да жүргізіледі деген байлам жасайды.

Жария дипломатияны либералидық, неолибералдық парадигмамен байланыстыруымызға американдық авторлар Ч.У.Кегли мен Ю.Р.Уитткопфтың халықаралық қатынастардың төрт негізгі теориялық бағыттарын белгілі бір критерийлер бойынша салыстырған кестесіне жүгіну арқылы дәлелдеуге болады. Кесте бойынша неолибералистік ағымға сипаттама берейік:

Талдаудың негізгі бірліктері: Жеке тұлғалар, «жаңаланған» мемлекеттер, үкіметтік емес ұйымдар..

Негізгі зерттеу аймағы: Даму үстіндегі мемлекетаралық ынтымақтастық; экономика, әлеуметтік және экологиялық проблемалар.

Негізгі проблемалары: Кешенді өзара тәуелділік; режимдер.

Әлемнің даму болашағына бағасы: Ынтымақтастықтың ары қарай дамуына, ғаламдық қауымдастықтың құрылуына сенеді.

Акторлардың мотивациясы: Жаһандық мүдделер, әділеттілік, бейбітшілік пен гүлдену, бостандық және адамгершілік.

Шешуші ұғымдар: Трансұлттық қатынастар, құқық, еркін нарық, өзара тәуелділік, интеграция, либералды басқару, адам құқығы.

Ұсыныстары: Жаһандық проблемаларды шешуде жария күш-жігерді үйлестіру үшін халықаралық режимді дамыту, демократия мен халықаралық институттардың кең таралуына ықпал ету[4].

Жария дипломатия ұғымының неолибералистік ағымға тән екендігін жоғарыдағы негізгі параметрлері бойынша айқындауға болады. Жария дипломатия түсінігінің кең қолданысы халықаралық қатынастардағы «жұмсақ күш» ұғымымен тығыз байланысты.

Жария дипломатияда негізгі қатынастар Джеффри Кован мен Амелиа Арсеноның бірлесіп жазған еңбектерінде бөліп көрсеткен үш деңгей: монолог, диалог, ынтымақтастық негізінде дамиды [5] және неолибералдардың өз теорияларының негізі етіп алған ынтымақтастық мәселесінің бірінші кезектегі мәнін көрсетеді, яғни жария дипломатия бір мемлекеттің басқа мемлекетпен қарым-қатынас орнатуындағы ынтымақтастықты қалыптастыруға бағытталады. Неолибералдар үшін халықаралық ынтымақтастық тұрақтылыққа, әлеуметтік прогресс пен әлемдік тәртіпке жетудің болуы мүмкін ғана емес, қажеттілік болып табылады.

Жария дипломатия терминінің алғашқы қолданысқа ие болған уақыты өткенғасырдың 60-70 жылдары десек, 1960 жылдар соңында саяси реализмнің негізгі ережелерінің бірі – мемлекеттің халықаралық қатынастардың акторы ретіндегі тұжырымы төңірегінде күмән туындап, мемлекеттік-орталықтық тұрғыны жақтаушылар мен олардың қарсыластары арасында қызу пікір сайыстар жанданады да дәл осы кезеңдерде неолиберализмнің бір тармағы транснационализм пайда болады. Саяси реализмді сынаушылардың ең алғашқыларының бірі кіші Джозеф Най мен Роберт Кохэн болды.

Олардың 1970 жылы бірлесіп жарыққа шығарған кітабының негізгі мазмұны халықаралық қатынастардың мемлекеттік-орталықтық бейнесінің дағдарысы және әлемдік саясаттағы мемлекет рөлінің әлсіреуі туралы болды. Авторлар әлемдік саясатты мемлекетті халықаралық жүйенің орталығынан перифериясына ығыстырып, оны әлемдік сахнадағы жай ойыншылардың біріне айналдыратын көпұлтты корпорациялар, трансұлттық қоғамдық қозғалыстар, халықаралық ұйымдар, қаржылық топтар және басқа да жеке акторлар сияқты халықаралық қарым-қатынастардың көпсанды және сан алуан қатысушыларын біріктіретін байланыстардың сан-салалы желісіне теңейді [6, 147 б].

Кіші Джозеф С. Най мен Роберт О.Кохэн өздерінің бірлесіп жазған «Трансұлттық қатынастар және әлемдік саясат» еңбегінің кіріспесінде «Халықаралық қатынастардың теориясында да, практикасында да әлемдік саясатқа мемлекеттік-орталықтық көзқарас үстемдік етеді. Бірақ дипломаттардың да әскерилердің де вакуумде әрекет етпейтіні белгілі. Олардың мінез-құлқына географиялық факторлар, ішкі саясаттың сипаты, ғылыми және техникалық прогресс ықпал етеді. Ядролық қарудың жасалуы XX ғасырдағы халықаралық қатынастардың сипатын түбірімен өзгерткеніне күмәнданатындар немесе мемлекетаралық қатынастарда ішкі саяси құрылымдардың мәнін жоққа шығаратындар көп емес. Мемлекеттік-орталықтық көзқарасты ұстанатындар үшін географиялық фактор, технология, ішкі саясат – бұл мемлекет өзара қарым-қатынасқа түсетін «қоршаған ортаның» аспектілері. Олар мемлекетаралық жүйеге үлес қосады, бірақ зерттеушілерге жайлы болу үшін сыйымсыз элементтер ретінде қарастырылады.

Бірақ, мемлекетаралық саясат қызмет ететін орта тек осы құдіретті және кең танымал күштерден ғана тұрмайды. Түрлі елдердің мемлекет бақылауынан тыс қауымдастықтарының тығыз өзара қарым-қатынастары үлкен саяси рөл атқарады. Мәселен, Батыстың ірі мемлекеттері арасындағы қатынастарда бұл өзара байланыстар сауда, жеке байланыстар, ақпарат алмасуды білдіреді. Осылайша, мемлекеттер әлемдік саясаттың жалғыз акторлары емес» [7, 151 б].

Халықаралық қатынастар жүйесінде, әлемдік саясатта өзара байланыстар тек мемлекеттер арасында ғана емес, әр мемлекет қоғамындағы түрлі қауымдастықтар арасында, тіпті жеке тұлғалар арасында да құрылатындығы бүгінгі күннің шындығына айналды. Жария дипломатияның негізгі мақсаты мемлекеттің саяси билігімен ғана байланыс орнату емес, шетелдік аудиторияға мақсатты бағытталған ықпалды күшейту, халықтар арасындағы біршама терең түсіністікті қалыптастыру; шетелдік аудиториямен ұзақ мерзімді және сенімді қатынастар құру; өз мемлекетінің құндылықтары мен институттарының шет елдерде жақсы түсіністік табуына қол жеткізу; өз мемлекетінің және шет мемлекеттер

азаматтары арасындағы диалогты кеңейту болуының өзі қазіргі әлемдік саясатта транснационалистік бағыттың тек теория ғана емес, практикалық мәнге ие болып отырғандығын және осындай тенденциялар күшеюіне қатысты дәстүрлі дипломатиямен қатар мемлекетаралық қатынастарды дамытуда жария дипломатия сияқты бейресми дипломатия түрлеріне де үлкен назар аударылып отыр.

Халықаралық қатынастардың, әлемдік саясаттың проблемалары, халықаралық аренада орын алып жатқан мәселелердің барлығы да қазіргі таңда бүкіл қоғамның назарында болса, ал сыртқы шешімдерді жүзеге асыру немесе дипломатия өткен ғасырдың екінші жартысы, жаңа ғасырдың басында әр мемлекет қоғамының бақылауына түсті. Бұл дипломатияның ашықтығы, бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктері арқылы жүзеге асса, тағы бір себебі халықаралық аренаға мемлекеттік құрылымдармен салыстырғанда, этникалық, діни қозғалыстардың, қоғамдық ұйымдар мен академиялық орталардың жиі шығып, дәстүрлі дипломатиялық проблемалармен айналыса бастауы еді. Жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысында кеңінен қолданысқа түскен бұл дәстүрдің нәтижесінде, жетпісінші жылдардың аяғы сексенінші жылдардың басында қызметтің айрықша бағыты немесе дипломатияның екінші бағыты, немесе бейресми дипломатия қалыптасады. Әлемдік саясаттың, халықаралық қатынастардың сипатының өзгеруі дипломатияның механизмдерінің, ақпараттық-коммуникативті функциясының мәнінің өзгеруіне алып келді. Қазіргі таңда дипломатияның ақпараттық-коммуникативтік қызметі ең алдымен мемлекеттің басқа елдермен диалог, ынтымақтастық орнатуына бағытталған. Дипломатиялық диалог басқа тараптың да өз мүдделері мен мақсаттары бар екендігін мойындауды білдіреді. Қарым-қатынастарды дамыту тұрғысынан бұл тек табиғи және заңдылық қана емес, өнімділіктің де факторы болып табылады [3, 328 б]. Жария дипломатияның да негізгі деңгейінің бірі осы дипломатиялық диалогты құру болып табылады, ынтымақтастыққа әр мемлекет осы сатылар арқылы қол жеткізе алады.

Жария дипломатияның қолданысының, оған деген сұраныстың жоғарылауына транснационалистік ағымның әсері өте үлкен болды, яғни халықаралық қатынастарда мемлекет қана актор бола алмайды деген тұжырымның практикалық маңызының артуы дипломатияда оның бейресми акторларының атынан жүргізілетін бейресми тармағының дамуына алып елді.

Транснационализмнің негізін салушы кіші Джозеф Най 1990 жылдары халықаралық қатынастардағы «жұмсақ күш» ұғымын енгізу арқылы өз идеясын ары қарай дамыта түсті. Дж. Най 1990 жылы жарық көрген «Жетекшілікке шақыру: американдық күштің құбылмалы табиғаты (Bound to Lead: the Changing Nature of American Power)» еңбегінде «жұмсақ күш» (soft power) ұғымын енгізіп, анықтама берсе 2003 жылғы АҚШтың

Иракқа әскер енгізуінен кейін жарық көрген «Жұмсақ күш. Әлемдік саясатта табысқа қалай жетуге болады (Soft Power: The Means to Success in World Politics)» еңбегінде «жұмсақ күш» (soft power) ұғымын әрі қарай дамытып, жетілдіре түсті [9]. Най бойынша, «жұмсақ күш» - қалағаныңа мәжбүрлеу арқылы емес, тартымдылықпен, қызықтыра отырып қол жеткізу қабілеті, яғни билік материалдық, күштік ресурстарға емес, идеялардың тартымдылығына, мәдениет, идеология, үкіметтік емес институттарға халықаралық қатынастарда барынша назар аударуы қажет екен. Ықпал етудің «жұмсақ күші» сәйкесінше, әдетте әскери күш-қуат және экономикалық әлеует сияқты материалдық ресурстармен байланысты «қатаң күшке» қарама-қарсы ұғым болып табылады, бірақ екеуінің де міндеті халықаралық қатынастардың субъектісі ретінде басқа акторлардың мінез-құлқына ықпал ету арқылы алдыға қойылған мақсатқа қол жеткізу. «Жұмсақ күш» пен «қатаң күш» арасындағы қарама-қарсылық сипат олардың тарапынан қолданылатын құралдарда. «Қатаң күш» өз еркін басқаларға күшпен таңу, еріксіз мәжбүрлеу арқылы (экономикалық ресурс немесе күш қолдану қауіпі) мақсатына қол жеткізетін болса, «жұмсақ күш» сыртқы саяси акцияларды келісу арқылы және ынтымақтастыққа қызықтыра отырып тарту арқылы алдыға қойылған мақсаттарын жүзеге асырады. «Жұмсақ күштің» мемлекет саясатына, елдің үкіметіне тәуелділігі төмен, ал «қатаң күш» саяси билікке тікелей тәуелді.

Транснационалистер үшін ішкі және сыртқы саясаттың өзара тәуелділігі тұжырымына көзқарастары бойынша, қазір мемлекеттер арасындағы қатынастар әлемдік саясаттың негізі болып саналмайды, өзара қарым-қатынастардың үкіметаралық, үкіметтік емес ұйымдар, кәсіпорындар, әлеуметтік қозғалыстар, алуан текті ассоциялар және жекелеген тұлғалар сияқты қатысушыларының көптүрлілігі, оның мәдени және ғылыми ынтымақтастық, экономикалық алмасулар, туыстық қатынастар, кәсіби байланыстар сияқты түрлері мен университетаралық әріптестік, конфессияаралық байланыстар, ассоциялар ынтымақтастығы сияқты арналарының көптігі мемлекетті халықаралық байланыстың орталығынан ығыстырып, қарым-қатынастардың транснационалистік түрі қалыптасады екен. Көп санды жаңа акторлар үшін ұлттық шегара деген жоқ. Біздің көз алдымызда саясаттың ішкі және сыртқы болып бөлінуінің еш мәні қалмайтын жаһандық әлем қалыптасады екен [9].

Транснационалистерге ұқсас көзқарастарды структуралистерге де тән, олардың көзқарастары бойынша біздің заманымызда мемлекет өзінің бұрынғы мәнінен айрылып, әлемдік саясаттағы рөлінен айрылған, алдыңғы орынға халықаралық қатынастардың үкіметаралық, үкіметтік емес ұйымдар, транұлттық корпорациялар, әлеуметтік және саяси қозғалыстар сияқты акторлары шығады екен, олардың рөлінің артуы қазіргі таңдағы интеграциялық үрдістердің жандануымен түсіндіріледі.

Дегенмен, транснационалистік, структуралистік бағыттың халықаралық қатынастардың акторларының мемлекеттен де басқа түрлерінің көбеюі, олардың рөлінің артуы туралы көзқарастары жария дипломатия тұжырымын түсіндіруде маңызды болғанымен, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының маңызы жоқтығы туралы ойлары жария дипломатияның мақсаттарына кереғар, себебі жария дипломатияның мақсатының өзі:

- ұлттық мүддені, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, мемлекет сыртқы саясатының мақсаттарын қорғау;

- шетелдік аудиторияға мақсатты бағытталған ықпалды күшейту, халықтар арасындағы біршама терең түсіністікті қалыптастыру;

- шетелдік аудиторияда мемлекет тарапынан жүргізіліп отырған ішкі және сыртқы саясаттың мақсаты мен барысына деген жағымды көзқарастарды қалыптастыру болып табылады екен.

Сондықтан жария дипломатияның қалыптасуында негіз болған тұжырымдардың бірі халықаралық өзара тәуелділік туралы тұжырым деуге болады. Әлемдік саясат дегеніміз бір-бірімен өзара тәуелділікте және бір контексте қарастырылатын жаһандық проблемалар, әлемдік саяси жүйенің қазіргі ахуалы және оның даму тенденциялары туралы ілім. Халықаралық өзара тәуелділіктің қатысушылары ретінде тек әлемдік саясаттың негізгі акторы ретінде мойындайтын мемлекетті ғана емес, үкіметаралық ұйымдарды ғана емес, басқа да күштер – үкіметтік емес ұйымдар, трансұлттық ұйымдар, мемлекетішілік аймақтар және т.б. да қарастырады және ішкі және халықаралық саясаттың қарама-қайшылығынан қашқақтайды.

Ұлттық мемлекеттерде сыртқы саясаттың қалыптасуының өзі қазіргі таңда шашыраңқылانған, швейцарлық ғалым Филлип Брайар пікірінше, уақыт өткен сайын кез-келген елде сыртқы саясат сыртқы істер министрлігінің уысынан шығып барады. Барынша күрделі де, сан түрлі проблемаларды бірлесіп басқару қажеттілігі артқан сайын сыртқы саясат басқа да мемлекеттік құрылымдар мен ведомстволар саласына айналды. Ұлттық бюрократияның халықаралық келіссөздерге қатысы бар түрлі топтары өздерінің шетелдік әріптестерімен тікелей байланыс жасауға жиі талпыныс жасайды. Бұл ішкі және халықаралық салалардың өзара өткізгіштігін күшейте түседі.

Р.Кохэн «қырғи-қабақ соғыстың аяқталуы «қырғи-қабақ жауласушылар» мен кеңес-американ қатынастарын зерттеушілердің көпшілігінде бағдарларынан айрылуына алып келсе, әлемдік экономиканың интернационализациясы ішкі және сыртқы саясаттың шегарасын шайғандығы сонша, бұл салаларды бір-бірінен жеке қарастыру барған сайын күрделеніп келеді» деп тікелей айтты. Сондықтан да сыртқы саясатты болжаудың қазіргі әдістері немесе шешім қабылдау үрдісін зерттеуге, немесе ішкі саясаттың саласындағы басқа аспектілері мен жақтарын талдауға сүйенуі кездейсоқтық емес. Және керісінше ішкі саяси үрдістерді

талдау халықаралық жүйедегі өзгерістердің оларға ықпалын есептен тыс қалдыра алмайды.

Сондай-ақ, Р.Кохэн «мемлекет ішілік және халықаралық институттар бір-бірін нығайта отырып өзара байланысады. Демократиялық ішкі саясат және халықаралық қауымдастықтың кеңейуі халықаралық институттардың санының артуымен тығыз байланысты; халықаралық қауымдастық және институттар ішкі таңдауды іске асырудың «кеңістігін» жасайды», - деп көрсетеді [7, 152 б].

Либералдық парадигманы жақтаушылардың қортындыларына сүйенсек, халықаралық қатынастар әр мемлекеттің ішінде болып жатқан өзгерістерге белсенді ықпал етеді және саяси өмірдің ішкі және сыртқы факторларының айырмашылығы өте үлкен емес.

Халықаралық өзара тәуелділік мәселесі халықаралық қатынастар ғылымының шеңберіндегі бәсекелес парадигмалардың ғана емес, басқа пәндер тарапынан да қарастырылады. Заң ғылымы тұрғысынан сыртқы саясаттың ортасы халықаралық жария құқықтың айрықша нормалар жүйесімен реттелетін егеменді мемлекеттер мен үкіметаралық ұйымдардың халықаралық қауымдастығы. Тарихшылар болса, керісінше, ішкі және сыртқы саясат арасында айырмашылық та, өткізбес шектеулер де жоқ, ал олардың бір-бірімен өзара қарым-қатынастары бар, бірақ бұл байланыста біреуі басқасынан үстемдігі байқалады, - деп санаған. Екі ғылым саласының өкілдері де әлемдік сахнадағы өзара қарым-қатынастарды да, халықаралық қатынастардың табиғаты да мемлекеттер, ең бастысы ұлы державалар тарапынан анықталады, - деп санайды.

### **Қорытынды**

Жария дипломатия тұжырымының халықаралық қатынастар ғылымында теориялық қолданылуынан да, іс жүзіндегі қолданысы белсендірек. Қазақстан үшін Димаш феномені қазақстандық жария дипломатияның бір көрінісі деп айтуға болады.

Дегенмен, жария дипломатияның мемлекеттің сыртқы саясатында, халықаралық қатынастарда өзектілікке ие болуы либерализмнің халықаралық қатынастардағы мемлекет монополиясын жоққа шығарған ілімінен бастау алса, кейініректегі неолиберализмнің мемлекеттік емес ұйымдардың, жеке адамдардың да мемлекетаралық қатынастар акторы бола алатындығы туралы қорытындыларынан көрініс тауып, «жұмсақ күштің» іске асырылу формасы ретінде бағаланса, транснационализм, халықаралық өзара тәуелділік сияқты бағыттардағы негізгі идеялар да өз кезегінде елеулі ықпал етті. Жария дипломатияға қолданбалылық сипат көбірек тән. Жария дипломатия, «жұмсақ күш» сияқты жаңа түсініктердің халықаралық қатынастар жүйесіндегі рөлінің арта түсуі жаһандық саясаттың, халықаралық қатынастар жүйесінің сипатының өзгерістері,

трансформацияланып, жаңаша сипатқа ие болғандығы туралы ойларды дәлелдей түседі.

Жария дипломатия – мемлекеттің шет елдермен ұзақ мерзімді қарым-қатынастар орнатуына, ұлттық сыртқы саясатты қорғауына, шетелде мемлекеттің құндылықтары мен институттарын түсінуіне бағытталған іс-әрекеттер. Жария дипломатия шет елдердегі қоғамдық пікірді тану арқылы, оны қалыптастырушыларды ақпараттандыру және оларға ықпал ету арқылы ұлттық мүддені қорғап, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Жария дипломатия бұқаралық аудиторияға бағытталған. Қоғамдық пікір өз үкіметі мен саяси жүйесіне едәуір ықпал етеді дегеннен келіп шыққан. Яғни, жария дипломатияның ерекшелігі қоғамдық пікір халықаралық саясаттағы негізгі әсер етуші фактор дегенімен анықталады.

### ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Артамонова У.З. Направления и формы реализации публичной дипломатии. // Analysis and forecasting. IMEMO Journal. – 2021. - №2.
- [2] Лебедева М.М. Публичная дипломатия: исчезновение и новые горизонты. В кн. Публичная дипломатия. Теория и практика. / Под. Ред. М.М. Лебедевой – М.: Аспект Пресс 2017. - 272с.
- [3] Philip M. Taylor Public diplomacy and strategic communications // Routledge handbook of public diplomacy – New York, 2009.
- [4] Charles W. Kegley, Eugene R. Wittkopf World politics: Trend and Transformation. Ninth Edition. – Belmont: Thomson/Wadsworth, 2004. – P. 633.
- [5] Geoffrey Cowan, Amelia Arsenault. Moving from Monologue to Dialogue to Collaboration: The Three Layers of Public Diplomacy // The ANNALS of the American Academy of Political and Social Science. – 2008. – P. 616.
- [6] Цыганков П.А. Транснационализм в науке о международных отношениях: вклад Джозефа С.Най мл. И Роберта О.Кохена. / В книге Хрестоматия. Теория международных отношений. - М.: Гардарики, 2002. – С. 147.
- [7] Джозеф С.Най мл., Роберт О.Кохэн Транснациональные отношения и мировая политика// Хрестоматия. Теория международных отношений. - М.: Гардарики, 2002.
- [8] Зонова Т.В. Современная модель дипломатии. Истоки становления и перспективы развития. / Т.Зонова. – М.: РОССПЭН, 2003. – 336с.
- [9] Джозеф С. Най. Новая публичная дипломатия // <http://www.project-syndicate.org/commentary/nye79/Russian>

## **ПРОБЛЕМА ПУБЛИЧНОЙ ДИПЛОМАТИИ В ТЕОРИИ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ**

**\*Хайрулдаева А.М.<sup>1</sup>, Аманкелді Д.О.<sup>2</sup>, Батырханова Ә.Қ.<sup>3</sup>**

**\*<sup>1,2,3</sup> Казахстанский национальный педагогический университет имени Абая,  
Алматы, Казахстан**

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются место и значение публичной дипломатии в теории международных отношений. Публичная дипломатия используется как важный инструмент формирования отношений государств на международной арене, основой которой является распространение информации, обмен мнениями и привлечение международного сообщества к своим целям и интересам. В статье анализируются теоретические аспекты публичной дипломатии, её роль и эффективность в международных отношениях, а также тенденции её развития в соответствии с требованиями современности. Кроме того, рассматривается актуальность публичной дипломатии на современном этапе, её методы использования, влияние информационных технологий и средств массовой информации. Авторы, исследуя новые формы публичной дипломатии в международных политических процессах, определяют её влияние на глобальную политику, а также значимость в формировании имиджа государства.

**Ключевые слова:** международные отношения, публичная дипломатия, теория, государства, информационная политика, медиа, государственный имидж, международное сообщество

## **THE PROBLEM OF PUBLIC DIPLOMACY IN THE THEORY OF INTERNATIONAL RELATIONS**

**\*Khairuldayeva A.<sup>1</sup>, Amankeldi D.<sup>2</sup>, Batyrkhanova A.<sup>3</sup>**

**\*<sup>1,2,3</sup> Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan**

**Abstract.** This article examines the place and significance of public diplomacy in the theory of international relations. Public diplomacy is used as an important tool in shaping the relations of states on the international stage, based on the dissemination of information, exchange of opinions, and engaging the international community in its goals and interests. The article analyzes the theoretical aspects of public diplomacy, its role and effectiveness in international relations, as well as trends in its development in accordance with the demands of modernity. In addition, the relevance of public diplomacy at the present stage, its methods of implementation, and the impact of information technologies and mass media are discussed. The authors, by exploring new forms of public diplomacy in international political processes, determine its influence on global politics, as well as its importance in shaping the image of the state.

**Keywords:** international relations, public diplomacy, theory, states, information policy, media, state image, international community

***Information about authors:***

Khairuldayeva Aisulu – master of social science, senior lecturer, Abay Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan. e-mail: [aisulu\\_01.81@mail.ru](mailto:aisulu_01.81@mail.ru) <https://orcid.org/0000-0002-3303-7569>,

Amankeldi Dauren – master of social science, lecturer, Abay Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan. e-mail: [amankeldi.dauren@mail.ru](mailto:amankeldi.dauren@mail.ru) <https://orcid.org/0009-0009-1096-3197>

Batyrkhanova Assel – master of humanity sciences, 1st year doctoral student, educational programm «Culturology» Abay Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan. e-mail: [asselya2294@mail.ru](mailto:asselya2294@mail.ru) <https://orcid.org/0009-0006-0684-3561>

***Авторлар туралы мәлімет:***

Хайрулдаева Айсулу Маткасымовна – әлеуметтік ғылымдар магистрі, аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетті, Алматы, Қазақстан, e-mail: [aisulu\\_01.81@mail.ru](mailto:aisulu_01.81@mail.ru) <https://orcid.org/0000-0002-3303-7569>

Аманкелді Даурен Оразғалиұлы – әлеуметтік ғылымдар магистрі, оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетті, Алматы, Қазақстан, e-mail: [amankeldi.dauren@mail.ru](mailto:amankeldi.dauren@mail.ru) <https://orcid.org/0009-0009-1096-3197>

Батырханова Әсел Қалмаханқызы – гуманитарлық ғылымдар магистрі, оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетті, Алматы, Қазақстан. e-mail: [asselya2294@mail.ru](mailto:asselya2294@mail.ru) <https://orcid.org/0000-0002-3303-7569>

***Сведения об авторах:***

Хайрулдаева Айсулу Маткасымовна – магистр социальных наук, старший преподаватель Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, e-mail: [aisulu\\_01.81@mail.ru](mailto:aisulu_01.81@mail.ru) <https://orcid.org/0000-0002-3303-7569>

Аманкелді Даурен Оразғалиұлы – магистр социальных наук, преподаватель Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, e-mail: [amankeldi.dauren@mail.ru](mailto:amankeldi.dauren@mail.ru), <https://orcid.org/0009-0009-1096-3197>

Батырханова Асель Қалмахановна – магистр гуманитарных наук, докторант 1 курса, образовательная программа «Культурология», Казахский национальный педагогический университет имени Абая, e-mail: [asselya2294@mail.ru](mailto:asselya2294@mail.ru) <https://orcid.org/0000-0002-3303-7569>

*Мақала түсті: 6 Мамыр, 2025*